

Келісілді Базаралиева

«Babi» бөбекжайының

Әдіскері Базаралиева.Б.Т

Бекітілді Кулахметова  
«Нұрғазит»  
«Babi» бөбекжайының  
директоры Кулахметова.О.А

**Тақырыбы: Алтын күз**

**«Балапан» тобы**



Тәрбиеші: Азмуханбетова.Д.А

## Алтын күз

**Жүргізуші:** Сары жібек көйлегін желбіретіп,

жапырағын ағаштың селдіретіп

Тойға бөлеп елімді күзім келді.

Нұр тамшысын аспанның мөлдіретіп.

Құрметті ата-аналар, әріптестер табиғатымыздың бізге берер байлығы мен берекесін сыйлайтын сары алтын күзіміз келді. Алтын күз мерекесі құтты болсын демекпіз, жылдың қай мезгілін алсақта табиғатты сүйіп, оны аялап күту әрбір адамның міндеті, өйткені бізді қоршаған табиғат аман болса, біз де әрқашан көңілдіміз.

**Жүргізуші:** Күз мерекесін тойлауға келген Бөбек тобын балапандарын ду қол шапалақпен қарсалыңыздар.

Балалар біртіндеп кіреді.

**Жүргізуші:** Балалар қазір далада қандай мезгіл

**Балалар жауабы:** КҮЗ

**Жүргізуші:** Дұрыс айтасындар балалар **КҮЗ** мезгілі ал олай болса **күз аруын** қошеметпен шақырайық.

Музыка әуенімен **Күз аруы** кіреді.

**Күз аруы:** Ой, балалар, балалар,

Қоңырқай күз болыпты.

Қурап жапырақ солыпты.

Ел егінін орыпты.

Алма, өрік, шиелер,

Себеттерге толыпты.

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сіздердің бала бақшаларыңызға да күз келіпті. Менің көйлегімнен ұшқан қызыл, сары жапырақтар сіздердің залдарыңызға қоныпты.

**Жүргізуші:** Иә. Күз Аруы. сіз біздің «Алтын күз» мерекемізге қош келдіңіз!

Алма, алмұрт жүзім, т.б

**Жүргізуші:** Күз аруы сіз білесіз ба біздің балалар сізге арнап ән дайындап қойды кәне балалар күз аруына арнап әнімізді айтып берейік.

Балалар: ӘН

**Жүргізуші:** Жарайсындар балалар ендігі кезекте Күз аруымыздың қыздарға арнаған күзгі биін тамашаласақ.

**БИ:** Күз аруы және қыздар.

**Жүргізуші:** Күз аруы рақмет сізге қандай тамаша биді дайындап келгенсіз біздің балаларымыздың көңіл күйі көтеріліп қалды.

**Күз аруы:** Балалар, менің сүйікті әнімді өте жақсы орындайды екенсіңдер.

Қайың, терек басынан,

Қызыл, сары жапырақ.

Жерге түсіп шашылған,

Жел үрлесе қалықтап.

**Күз аруы:** Балалар мен сендермен ойын ойнағым келіп тұр ойынның аты түрлі түсті жапырақ екі себетке жапырақтарды саламыз сары түсті жапырақты мына себетке жасыл жапырақтарды мына себетке жинаймыз.

**Жүргізуші:** Кәне балалар күз аруымен бірге ойын ойнайық кәне балалар белсенді болайық. Жылдам жылдам жапырақтарды жинап берейік.

**Ойын: «Өз жапырағын тап»**

**Жүргізуші:** Күз аруы сіз білесіз ба біздің ұлдар қандай өнерлі біздің ұлдарымыз сізге арнап қол шатыр биін дайындап келіпті олай болса ұлдардың қолшатыр биін қабыл алыңыздар.

**БИ:** Қалпақ биі

**Жүргізуші:** жарайсындар ұлдар, недеген өнерлі едіңдер енді орындарыңа отырағойыңдар. Ендігі кезек күз аруы біздің қыздарымыз сізге арнап күз мезгіліне

Тақпақтар.

**Мүсәлім:**Қамба толды астыққа,

Алғыс саған, алтын күз!

Бір уыс дән шаштық та,

Қап-қап қауын алдық біз.

**Балауса:**Берекесін сыйлауға,

Өлкемізге күз келді.

Жемістерін жинауға,

Шақырады біздерді.

**Әли:** Құстар қайтты ән салып,

Бұлт шарлады аспанды.

Қыс келеді жар салып,

Күзгі суық басталды.

**Айтөре:**Астық жеміс жиылды,

Қамбамызға құйылды

**Айлин:**Ардақты күз мың алғыс

Алдық өнім сыйынды

**Жүргізуші:** Жарайсындар ұлдар ендігі кезекте қыздардың тақпағын қабыл алайық.

**Диас:** Алма, алмұрт піседі

Жапырақтар сарғайып

Сыбдыр, сыбдыр түседі

**Айзат:**Күн суытып жапырақтар түседі

Астық жеміс жиылды

Қамбаға құйылды

**Кәусәр:** Берекесін сыйлауға

Күз дос екен бізбенен  
Бәрін тауып беретін  
Жомарт екен күз деген

: Көбейді құт береке  
Астық толы қамбамыз  
Құтты болсын мереке  
Алтын күзді тойлаймыз

Алтын, сары, қызыл, көк  
Алуан-алуан жапырақ  
Күзгі бақта күлімдеп  
Көз тартады атырап

**Жүргізуші:** Күз аруы мерекеміздің соңында әдемі ән мен аяқтасақ.

**ӘН:** алтын күз

**Күз аруы:** Балалар, сендер көкөніс пен жемістерді талғамай көп жеңдер, дәрумені өте көп сонда қыс мезгілінде ауырмайсыңдар. Бірақ, барлығын жуып жеңдер. Ал енді сендердің өнерлеріңе көп рахмет! Келесі жылы кездескеше балалар. Сау болыңдар.

**Жүргізуші:** Жарайсыңдар балалар осымен алтын күз ертеңгілігіміз аяқталды өте өнерлі екенсіңдер балалар сендерге арнап алып келген күз аруының мадақтау граматалары бар екен соны сендерге табыс етеміз.